



**«КЕЛІСІЛДІ»**  
**М.Қозыбаев атындағы СҚМУ**  
**«Қазақстан халқы Ассамблеясы»**  
**кафедрасының меңгерушісі**

 Л. Гривенная  
« 2 » / 11 \* 2016 ж.

**«БЕКІТЕМІН»**  
**М.Қозыбаев атындағы СҚМУ**  
**тәрбие ісі және әлеуметтік**  
**мәселелер жөніндегі проректоры**

 М. Тайжанова  
« 2 » / 11 2016 ж.



**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған**  
**«Тәуелсіздіктің шындары» студенттік**  
**эссе байқауын өткізу туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Осы Ереже «Тәуелсіздіктің шындары» атты эссе байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, тәртібі мен шарттарын анықтайды.
- 1.2. Байқаудың ұйымдастырылуы мен өткізуілуін М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы жүзеге асырады.

**2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері:**

- Тәуелсіздіктің 25 жылында Қазақстанның жетістіктерін пайымдау;
- Президенттің жеке еңбегін және қазақстандық қоғамды жаңартудағы Қазақстан халқының сіңірген еңбегін мойындау;
- Қазақстанның Тәуелсіздігінің қалыптасу кезеңіндегі еліміздің жетістіктері үшін мақтанышты көрсету;
- Ұлт Жоспарын және жалпыұлттық патриоттық «Мәңгілік Ел» идеясын іске асырудағы еліміздің жастарының алдында тұрған міндеттерді сезіну;
- өзіңнің Отаныңа, туған жері және тұрғылықты жеріңе деген сүйіспеншілікке дағдыландыру;
- шығармашылық ойлау мен өз ойын жеткізу дағдыларын дамыту.

**3. Байқауға қатысушылар:**

Байқауға М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алатын барлық мамандықтардың студенттері қатыса алады.

**4. Байқаудың өткізілу мерзімі және тәртібі:**

- 4.1. Эссе байқауы 2016 жылдың 7 қарашадан 7 желтоқсанға дейін аралығына өткізіледі.
- 4.2. Байқауға қатысу үшін 2016 жылдың 2 желтоқсанға дейін құжаттардың электронды нұсқасын жолдау қажет: тапсырыс (1 Қосымша) және байқауға ұсынылатын эссе.
- 4.3. Ұйымдастырушылар өз тарапынан Байқау туралы Ережеге өзгерту енгізу құқығын сақтап қалады.

**5. Байқауға ұсынылған эсселерді бағалау талаптары:**

- мазмұны Байқауға белгіленген тақырыптарға сәйкес келеді (10 ұпайға дейін);
- тақырыптың толық ашылуы, жұмыстың мазмұндылығы (20 ұпайға дейін);
- өзектілігі, әлеуметтік мәні (10 ұпайға дейін);
- эрудиция, нақты материалды білуі (10 ұпайға дейін);
- мазмұндалуының бірізділігі, сонылығы (10 ұпайға дейін);



- нәтижелерін тұжырымдай және дәйектей алуы (10 ұпайға дейін);
- шығармашылықпен және өздігінше ой толғай алуын білдіруі (10 ұпайға дейін);
- әдеби стилі мен материалды мазмұндау түрі (10 ұпайға дейін);
- емле ережелеріне сәйкестігі (5 ұпайға дейін);
- эссені ресімдеу талаптарының сақталуы (5 ұпайға дейін).

**Ескерту:** Шығармасында нақты материалдың пайдаланылуы және өзінің соны пікірін білдіруі **құпталады**. Байқауға ғаламтор желісінен алынған немесе оның түрі өзгертілген мәтіндерді ұсынуға **қатаң тыйым салынады**.

#### **6. Эссені ресімдеуге қойылатын талаптар:**

- эссе көлемі А-4 форматындағы 3 беттен аспауы тиіс, 97-2003 нұсқасындағы MS Word мәтіндік редакторында ресімделген, шрифті Times New Roman, шрифт өлшемі 14, ара қашықтығы бір интервал;
- әр жұмыс жеке файлда болуы қажет (файлдың атауы – *қатысушының Тегі, Есімі\_тобы\_факультеті.doc*);
- жұмыста көрсетілуі керек: ТЕ, факультеті, тобы, эссе Байқауының тақырыбы;
- эссені жазу тілдері – мемлекеттік, орыс.

#### **7. Байқаудың қорытындыларын шығару және жеңімпаздарды марапаттау.**

- 7.1. Байқаудың қорытындысы шығару және жеңімпаздарды анықтау **2016 жылдың 5-7 желтоқсан аралығында** (М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы, №2 корпус 114а каб.) болады.
- 7.2. Эссе байқауына ұсынылған жұмыстарды «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы ғылыми-әдістемелік бірлестігі мүшелерінен қалыптастырылған Қазылар алқасы бағалайды
- 7.3. Ұпай саны бағалау талаптарын есепке ала отырып анықталады. Қойылған ұпайлар ақтық болып табылады.
- 7.4. Қазылар алқасының шешімімен байқау ережелерінің талаптарына сәйкес келмейтін эсселер қабылданбауы мүмкін.
- 7.5. Байқауға ұсынылған эсселер редакцияланбайды, рецензияланбайды және авторларына қайтарылмайды.
- 7.6. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне дипломдар табысталады.
- 7.7. Байқаудың нәтижелері Қазылар алқасы отырысының хаттамасында көрсетіліп, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ сайтында жарияланады.
- 7.8. Үздік жұмыстар авторлары көрсетіле отырып ҚХА кафедрасының әдістемелік құралы материалдары мен М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың «Парасат» газетінде жарияланатын болады.
- 7.9. Жеңімпаздарды марапаттаудың уақыты мен орны туралы ақпарат қосымша хабарланатын болады.

#### **8. Байланыс туралы ақпарат**

СҚО, Петропавл к., Пушкин көш., 86, №2 корпусының 114а кабинеті  
 М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы  
 8(7152) 49-40-74, 8(7152) 49-40-42 \* (ішкі 12-55)  
 Байланысушы тұлға: ҚХА каф. специалисті – Қадырменова Айымгүл Сәкенқызы  
 с 9.00-13.00 и с 14.00-18.00  
 e-mail: skgu\_ank@mail.ru



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығына арналған  
«Тәуелсіздіктің шындары» атты эссе байқауына қатысу үшін  
тапсырыс

Тегі, Есімі	Факультеті, оқу тобы	Қатысушының телефоны, e-mail

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже «Тәуелсіздіктің шындары» атты эссе байқауы (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін, тәртібін мен шарттарын анықтайды.
- 1.2. Байқаудың ұйымдастырылуы мен өткізілуі М.Қошымбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақстан халқы – Ассамблеясы» кафедрасы жүзеге асырады.

### 2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

- Тәуелсіздіктің 25 жылдығына Қазақстанның жеңістерін пайымдау;
- Президенттің және еліміздің және қазақстандық қоғамды жанұяларын Қазақстан халқының өмірін өркендету мақсатында;
- Қазақстанда Тәуелсіздігіне қатысу кезіндегі елімізде жетістіктері үшін мақтанышты беруге;
- Ұлт Жастарына және жасөспірімдерге патриоттық «Мәңгілік Ел» идеясын іске асырудың ерекшеліктері мен ерекшеліктерін анықтау;
- еліміз, Отандық, туған жері және тәрбиелілігі жөніндегі сүйсініктілікке баулау;
- шығармашылық өмірі мен өз ойын жеткізу арқылы дамыту.

### 3. Байқауға қатысушылары

Байқауға М.Қошымбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алатын барлық мамандықтардың студенттері қатыса алады.

### 4. Байқауының өзіндік мерзімі және тәртібі

- 4.1. Эссе байқауы 2016 жылдың 7 қырамадан 7 желтоқсанға дейін аралығына өткізіледі.
- 4.2. Байқауға қатысу үшін 2016 жылдың 2 желтоқсанға дейін құжаттарды әзірлеудің күшімен жолдау құжат-қалыбына (1 Қосымша) және байқауға ұсынылатын эссе.
- 4.3. Ұйымдастырушылар өз тарапынан Байқау туралы Ережеге өзгерту енгізу құқығын сақтай қалады.

### 5. Байқауға ұсынылатын эсселерді бағалау талантиры

- мазмұны Байқауға берілгеннен тақырыптарға сәйкес келеді (10 ұпайға дейін);
- тақырыптың толық шешілуі, жұмыстың мазмұндылығы (20 ұпайға дейін);
- өсиетшілік, әдебиеттік мәні (10 ұпайға дейін);
- әрқандай, нақты материалды білуі (10 ұпайға дейін);
- мақұлдатушылық бірзандығы, сонылығы (10 ұпайға дейін);